

___-қосымша

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
66-қосымша

**Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған
«Еңбек» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы**

Түсінік хат

Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген бастауыш және негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35670 болып тіркелген).

«Еңбек» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«Еңбек» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны негізгі орта білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, танымдық, ғылыми және зерттеу, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

«Еңбек» оқу пәнін оқытудың мақсаты: білім алушылардың түрлі материалдармен жұмыс істеу барысында шығармашылық және технологиялық ойлауын дамыту, экологиялық, технологиялық және цифрлық сауаттылықты арттыру арқылы өмірлік дағдыларын қалыптастыру, еңбекке жеке және кәсіби дамудың маңызды шарты ретінде жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

«Еңбек» оқу пәнін оқытудың міндеттері:

- 1) еңбекке деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу, еңбекті өмірлік маңызды құндылық ретінде жауапкершілікпен қабылдауға дағдыландыру;
- 2) тәжірибелік еңбек дағдыларын, шығармашылық және технологиялық ойлауды дамыту, тұлғалық өсу мен кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпал ету;
- 3) Қазақстан және әлем халықтарының көркем-мәдени мұрасын зерделеу;
- 4) ұлттық және әлемдік мәдениеттің өнер және дизайн туындыларының

ерекшеліктерін зерттеу;

5) заманауи жабдықтарды, цифрлық құралдарды, жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолданып, шығармашылық жобаларды идеядан бастап дайын өнімге дейін өздігімен жоспарлау және жүзеге асыру біліктілігін қалыптастыру;

6) зерттеу, бірегей бұйым жасау, өзінің және өзгелердің еңбегінің нәтижелерін талдау және бағалау барысында білім алушылардың шығармашылық және жобалық ойлауын дамыту;

7) тәжірибелік және техникалық міндеттерді шешу арқылы білім алушылардың инженерлік ойлауын дамыту, жобалау іс-әрекеті мен қол еңбегі дағдыларын қалыптастыру;

8) әртүрлі құрал-жабдықтармен, соның ішінде сандық бағдарламалық басқару (СББ) технологияларымен жұмыс істеу дағдыларын дамыту;

9) экологиялық тұрғыдан тұрақты жобалау қағидаларын және салауатты өмір сүру ортасын құру негіздерін меңгеру;

10) оқу іс-әрекетінің барлық түрлерінде (зерттеу, жобалау, идеяларды жүзеге асыру, жұмысты таныстыру) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдану тәжірибесін игеру;

11) мақсаттарға жету жолында бірлесе жұмыс істеу (жеке, жұппен және топпен) тәжірибесін меңгеру;

12) эстетикалық, еңбек, экономикалық, экологиялық, патриоттық тәрбие мен адамгершілік-рухани құндылықтарды, сондай-ақ жауапкершілік, ұқыптылық, табандылық сияқты қасиеттерді қалыптастыру;

13) қоғамдық тамақтанудағы этикет ережелерін сақтау және дастарқан жабдықтауға ерекше көңіл аудара отырып, іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру;

14) ағзаның қажеттіліктерін ескере отырып, мәзір құрастыруға арналған дұрыс тамақтану қағидаларын қалыптастыру;

15) тәжірибелік тапсырмаларды орындау барысында материалдар мен құралдармен қауіпсіз жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Еңбек» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

1) 5-сыныпта: аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағат;

2) 6-сыныпта: аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағат;

3) 7-сыныпта: аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағат;

4) 8-сыныпта: аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағат;

5) 9-сыныпта: аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

2. «Еңбек» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы құндылықтар, тұлғалық бағыттылық, құзыреттілік, құрылымдылық, белсенділік, шығармашылық, зерттеушілік, мәдениет, қарым-қатынасқа және инклюзивтік тәсілдерге негізделе отырып жүзеге асырылады.

3. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді

қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

4. Оқу бағдарламасы аясындағы жобалық жұмыс. Жобалау процесі «Еңбек» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында басты орын алады. Жобалық іс-әрекеттер «Дизайн және технология» бөлімін оқу мен оқытуға енгізілген, бірақ оқу жоспарының басқа бөлімдерін оқыту кезінде де тиімді қолдануға болады. Оқу процесіне жобалық тәсілді енгізу білім алушыларға пәнді терең түсінуге мүмкіндік береді, сонымен қатар алған білімдерін тәжірибеде сәтті пайдалануға көмектесетін дағдыларды дамытады. Жобаға негізделген оқыту көптеген артықшылықтар беретінін атап өту маңызды:

5. Жобалық оқытудың артықшылықтары:

1) білімді тәжірибеде қолдану: жобалық әдіс білім алушыларға теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Олар тек қағидалар мен технологияларды үйреніп қана қоймай, сонымен қатар оларды нақты мәселелерді шешу үшін белсенді түрде пайдаланады. Бұл олардың оқу материалын тереңірек түсінуіне айтарлықтай әсер етеді;

2) сыни тұрғыдан ойлауды дамыту: жобаға негізделген іс-әрекеттер білім алушылардан мәселені талдауды, шешімдер әзірлеуді, өзінің және өзгелердің идеяларын сыни тұрғыдан бағалауды талап етеді. Бұл олардың ақпаратты талдау, жинақтау және негізделген шешім қабылдау қабілеттерін дамытады;

3) қызығушылығын арттыру: нақты жобалармен жұмыс істеу және көрінетін нәтижелер жасау білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы мен ынтасын арттыруға көмектеседі. Олар өз күш-жігерінің тәжірибелік құндылығын көре отырып, пәнді тереңірек меңгеруге ынталанады;

4) топтық жұмыс дағдыларын қалыптастыру: жобалар көбіне топтық жұмысты талап етеді, бұл білім алушылардың ынтымақтастық жасау, тиімді қарым-қатынас орнату және тапсырмаларды бөлісу дағдыларын дамытады. Мұндай дағдылар оларды болашақ кәсіби ортада жұмыс істеуге дайындайды;

5) шығармашылық қабілетін және сыни тұрғыдан ойлауын дамыту: жобалау процесінде білім алушылар өзіндік шешімдер мен стандартты емес тәсілдерді табуды үйренеді, бұл олардың шығармашылық ойлауын және сыни тұрғыдан талдау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

6. «Еңбек» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әр бөлім бірнеше бөлімшелерден тұрады, ал бұл бөлімшелерде оқу мақсаттары сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түрінде көрсетілген.

7. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары мұғалімге білім алушылармен жұмысты жүйелі түрде жоспарлауға, олардың жетістіктерін бағалауға және келесі оқу кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

8. Оқу пәнінің мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

1) Шығармашылық идеяларды дамыту және зерттеу;

- 2) Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау;
- 3) Таныстырылым, талдау және шығармашылық жұмыстарды бағалау.

9. «Шығармашылық идеяларды дамыту және зерттеу» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) тарих, мәдениет және дәстүр туралы білім мен түсінік;
- 2) ақпарат көздерімен жұмыс істеу;
- 3) шығармашылық іс-әрекет үдерісін жоспарлау;
- 4) дизайн дайындау бойынша тапсырмалармен жұмыс жасау;
- 5) материалдар, олардың қасиеттері мен жұмыс істеу техникалары.

10. «Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) құралдар мен жабдықтар,;
- 2) жасау технологиясы;
- 3) тамақтану мәдениеті;
- 4) үй мәдениеті;
- 5) техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау.

11. «Таныстырылым, талдау және шығармашылық жұмыстарды бағалау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) шығармашылық жұмыстардың таныстырылымы;
- 2) әдіс-тәсілдерді талдау және бағалау;
- 3) жұмысты жетілдіру және бейімдеу.

12. 5-сыныпқа (ұлдар) арналған «Еңбек» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Визуалды өнер» бөлімі: бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары, суреттеу құралдары, Қазақстан және әлем суретшілерінің шығармашылығы, натюрморт өнері, ұлттық сәндік натюрморт, пейзаж, әуе перспективасы, қала пейзажы, сызықтық перспектива, мүсін өнері, пластикалық пішіндер өнері, шығармашылық жұмысты таныстыру;

2) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: қолданбалы өнер түрлері, негізгі формалары мен ерекшеліктері, Қазақстанның қолданбалы өнері, қолданбалы өнерге арналған материалдар және құралдармен танысу, идея ойластыру, әртүрлі материалдардан қолданбалы шығармашылық бұйымдарын жасау, өру өнері, өру түрлері, көркем өруге арналған материалдар мен құралдармен танысу, бұйым өру, көрме ұйымдастыру;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: конструкциялық материалдар, материалдардың түрлері мен қасиеттерін зерттеу, конструкциялық материалдарды өңдеуге арналған қол құрал-жабдықтарымен танысу, ағаш өңдеу және слесарлық құралдар-жабдықтары, конструкциялық материалдардан қарапайым бұйым дайындау (мысалы, кітап сөресі, ұрмалы және соқпалы аспаптар) идеялар ойластыру, нобай, материалдар мен құрал-жабдықтарды таңдау және дайындау, бұйым дайындау, бұйымды өңдеу және сәндеу, жұмысты таныстыру;

4) «Тамақтану мәдениеті» бөлімі: дұрыс тамақтану негіздері, ас мәзірін әзірлеу;

5) «Үй мәдениеті» бөлімі: Электр қуатының негізгі көздері туралы жалпы мәліметтер, электротехникалық арматура, электр энергиясының әртүрлі

көздерімен тәжірибе жасау (батарея, гальваникалық элементтер), тұрмыстық қарапайым жөндеу жұмыстары (мысалы, есіктің тұтқасын жөндеу), өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары, өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар.

13. 6-сыныпқа (ұлдар) арналған «Еңбек» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Визуалды өнер» бөлімі: портрет жанры, Қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы портрет, сызықты портрет, графика, орындау техникасы, дәстүрлі емес материалдардан портрет жасау, портреттегі түс, орындау техникасы, анимация, қозғалатын элементтер (ермексазды анимация, көлеңкелі театр, саусақты және таяқшалы қуыршақтар), сценарий дайындау, кейіпкерлер мен декорациялар дайындау, көркем өнер идеяларын іске асыру, дыбыстау, шығармашылық жұмыстарды таныстыру;

2) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: Қазақ халқының зергерлік өнерімен танысу, зергерлік бұйым нобайын дайындау, материалдар мен құрал-жабдықтарды таңдау, зергерлік бұйым дайындау, бұйымды сәндеу, қолданбалы шығармашылыққа арналған табиғи материалдардың түрлері мен сипаттамалары (өздігінен ізденіс зерттеулері), табиғи материалдардан жасалатын бұйым нобайын әзірлеу, табиғи материалдардан бұйым жасау, бұйымды көркемдеп безендіру, шығармашылық жұмысты таныстыру;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: қол электр құралдары, қол электр құралдарымен конструкциялық материалдарды өңдеу (тәжірибе жұмысы), құрамалы бөлшектерден қарапайым бұйымдар жасау (мысалы, робот макеті, конструкциялық материалдардан жасалған көлік құралының макеті), идеялар ойластыру, нобай, материалдар мен құрал-жабдықтар таңдау және дайындау, бұйымның жеке бөліктерін (бөлшек) дайындау, бөлшектерді біріктіру және бұйымды әрлеу, жұмысты таныстыру;

4) «Тамақтану мәдениеті» бөлімі: қазақ мәдениетіндегі дастарқан басында өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері, түрлі халықтардың мәдениетінде және қоғамдық тамақтану орындарындағы дастарқан басында өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері;

5) «Үй мәдениеті» бөлімі: Электрсызбалардың шартты белгілерімен танысу, электр тізбегі, қарапайым электр тізбегін құрастыру (шам – сөндіргіш - батарея), электрлік қол құралдарын қолданып тұрмыстағы жөндеу жұмыстарын жүргізу (мысалы, жиһазды құрастыру (нұсқау бойынша), сәндік гүлдер түрлері, гүл өсіру шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар.

14. 7-сыныпқа (ұлдар) арналған «Еңбек» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Визуалды өнер» бөлімі: өнердегі заманауи техника және ғылыми жетістіктер, табиғаттағы микросуреттер, бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар (поп-арт, инсталляция, цифрлық өнер), Қазақстанның заманауи суретшілері, өнердегі заманауи стильдік бағыттарды зерттеу негізіндегі тәжірибе жұмысы (2D немесе 3D форматта), жұмысты таныстыру;

2) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: пирография өнерімен танысу, көркемдеп күйдіру техникасы мен тәсілдері, нобай әзірлеу, материалдарды таңдау және дайындау, бұйымды көркемдеп күйдіру, безендіру, таныстыру және көрме ұйымдастыру;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: конструкциялық материалдарды механикалық өңдеуге арналған құралдар мен жабдық (станок), конструкциялық материалдарды өңдеуге арналған жабдықтарда (станок) жұмыс істеу кезінде жұмыс үдерісін ұйымдастыру, заманауи жабдықтарда конструкциялық материалдардан бұйым дайындау, идеялар ойластыру, нобай, материалдар мен жабдықтарды таңдау және дайындау, бұйымның жеке бөліктерін (бөлшек) дайындау, бөлшектерді құрастыру және бұйымды әрлеу, жұмысты таныстыру.

4) «Үй мәдениеті» бөлімі: тұрмыстық құрал-жабдықтар мен электроарматураны жөндеу, электр құралдары мен тұрмыстық техниканы таңдау және бағалау, үй экологиясы, экологиялық әрі қауіпсіз кеңістік құру жолдары, үйдегі микроклимат, үйде жайлы жағдай жасау, үй акустикасы, үйде тыныштық пен жайлылықты қамтамасыз ету.

15. 8-сыныпқа (ұлдар) арналған «Еңбек» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: қазақтың ұлттық бұйымдарын дайындау, ұлттық бұйымның нобайын және тұжырымдамасын әзірлеу (мысалы, былғары өңдеу, ат әбзелдері, сандық), бұйым бөлшектерін өңдеу, құрастыру үдерісі: құрамдас бөліктерден дайын өнімге дейін, бұйымды әрлеу, бұйымды соңғы (эстетикалық) өңдеу, бұйымды сынақтан өткізу, сапаны қамтамасыз ету және ақауды анықтау, шығармашылық жұмысты таныстыру.

2) «Дизайн және технология» бөлімі: ескі бұйымды түрлендіру (трансформация) және қайта жасау, түрлендіру тұжырымдамасын және идея эскизін әзірлеу, бөлшектерді өңдеуге арналған материалдар мен жабдықтарды таңдау, бұйым бөлшектерін өңдеу, құрастыру үдерісі, құрамдас бөліктерден дайын өнімге дейін, бұйымды өңдеу және сәндеу, бұйымды сынақтан өткізу және ақауын жою, шығармашылық жұмысты таныстыру;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: заманауи стильде бұйым дайындау, дизайндағы заманауи стиль бағыттары мен материалдар, идея эскизін және тұжырымдама әзірлеу, бұйым бөлшектерін өңдеу, құрастыру үдерісі: құрамдас бөліктерден дайын өнімге дейін, бұйымды өңдеу және сәндеу, бұйымды сынақтан өткізу және ақауын жою, шығармашылық жұмысты таныстыру.

4) «Үй мәдениеті» бөлімі: бөлмені жөндеу жұмыстарына арналған заманауи материалдар мен құрал-жабдықтар (тәжірибе жұмысы), интерьерді ұйымдастырудың заманауи тәсілдері: үйден кеңсеге дейін, интерьерге қойылатын негізгі талаптар: функционалдылық, эстетика және қауіпсіздік, интерьерді жобалау: тұжырымдамадан визуализацияға дейін.

16. 9-сыныпқа (ұлдар) арналған «Еңбек» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: қолданбалы өнердегі мәдени әртүрлілік, әртүрлі мәдениеттердің ұлттық бұйымдарының нобайын және тұжырымдамасын әзірлеу, әртүрлі мәдениеттердің ұлттық бұйымын дайындауға арналған материалдар мен жабдықтар, бұйым бөлшектерін өңдеу, құрастыру үдерісі: құрамдас бөліктерден дайын бұйымға дейін, бұйымды әрлеу, бұйымды соңғы (эстетикалық) өңдеу, бұйымды сынақтан өткізу, сапаны қамтамасыз ету және ақауды анықтау, шығармашылық жұмысты таныстыру.

2) «Дизайн және технология» бөлімі: экологиялық қауіпсіз материалдардан бұйым жасау, бұйымның тұжырымдамасын және эскизін

әзірлеу, бөлшектерді өңдеуге арналған материалдар мен жабдықтарды таңдау, бұйым бөлшектерін өңдеу, құрастыру процесі: құрамдас бөліктерден дайын бұйымға дейін, бұйымды әрлеу: бұйымды соңғы (эстетикалық) өңдеу, бұйымды сынақтан өткізу және ақауды жою, шығармашылық жұмысты таныстыру;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: интерьер заттары және жиһаз жасау, белгілі бір интерьерге арналған затты дайындау (мысалы, көрме залына арналған модульді кресло, балаларға арналған жиһаз), идея ойластыру, бұйымның графикалық құжаттамасы, техникалық спецификациясы, материалдар мен құралдарды дайындау, бұйым дайындау, бұйымды әрлеу, шығармашылық жұмысты таныстыру.

4) «Үй мәдениеті» бөлімі: заманауи жарықтандыру технологиялары: ақылды құрылғылардан автоматтандыруға дейін, тиімді ішкі жарықтандыру, әртүрлі кеңістік түрлерін жобалау (тұрғын үй, қоғамдық, өндірістік), жарықтандыру сызбалары, шартты белгілерді пайдалана отырып идеяларды визуализациялау.

17. 5-сыныпқа (қыздар) арналған «Еңбек» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Визуалды өнер» бөлімі: бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары, суреттеу құралдары, Қазақстан және әлем суретшілерінің шығармашылығы, натюрморт өнері, ұлттық сәндік натюрморт, пейзаж, әуе перспективасы, қала пейзажы, сызықтық перспектива, мүсін өнері, пластикалық пішіндер өнері, шығармашылық жұмысты таныстыру;

2) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: сәндік-қолданбалы өнер, негізгі түрлері мен ерекшеліктері, Қазақстанның қолданбалы өнері, қазақ халқының ұлттық ою-өрнегі (түрлері, стильдеу және мотивтері), көркем кестелеу, кесте түрлері, материалдар және құрал-жабдықтармен танысу, нобай әзірлеу, бұйымды көркем кестемен сәндеу, өру өнері, өру түрлері, материалдар және құрал-жабдықтармен танысу, бұйым өру (тәжірибе жұмысы), шығармашылық жұмысты таныстыру, көрме ұйымдастыру;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: мата түрлерімен танысу, тоқыма материалдардың жіктемесі мен сипаттамалары, табиғи тоқыма материалдары, тоқыма материалдарын өңдеуге арналған құрал-жабдықтар, қол тігістерінің түрлері (түзу, қиғаш, ілмек, айкас), тігін машиналарымен танысу, машина тігістері (түзу тігістер), құрақ құрау техникасында жасалған бұйымдар (құрақ, пэчворк, квилт), бұйым нобайын дайындау, материал таңдау және дайындау, бұйым дайындау, көрме ұйымдастыру;

4) «Тамақтану мәдениеті» бөлімі: дұрыс тамақтану негіздері, ас мәзірін құру, асүйдің жабдықталуы, тағам әзірлеуге арналған құрал-жабдықтар, аспаптар мен ыдыстар, бутерброд пен сусын әзірлеу технологиясы, көкөністер мен жемістерден салат әзірлеу технологиясы.

5) «Үй мәдениеті» бөлімі: жеке бас гигиенасы, өз-өзіне күтім жасау, өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары, өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар.

18. 6-сыныпқа (қыздар) арналған «Еңбек» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Визуалды өнер» бөлімі: портрет жанры, Қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы портрет, сызықты портрет, графика, орындау

техникасы, дәстүрлі емес материалдардан портрет жасау, портреттегі түс, орындау техникасы, анимация, қозғалатын элементтер (ермексазды анимация, көлеңкелі театр, саусақты және таяқшалы қуыршақтар), сценарий дайындау, кейіпкерлер мен декорациялар дайындау, көркем өнер идеяларын іске асыру, дыбыстау, шығармашылық жұмыстарды таныстыру;

2) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: тоқу өнері, ілмек бізбен тоқу, тоқу тәсілдері мен техникалары, тоқуға арналған бұйым нобайын дайындау, материалдар мен құрал-жабдықтарды таңдау, әртүрлі бұйымдарды ілмек бізбен тоқу (сулық, сөмке, ұялы телефонның қабы), тоқыма бізбен тоқу, тоқу тәсілдері мен техникалары, тоқыма бізбен әртүрлі бұйымдарды тоқу (мойынорағыш, үшкіл орамал, ұялы телефонның қабы), жұмысты таныстыру, көрме ұйымдастыру;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: мата түрлерімен танысу, түстері мен фактурасы әртүрлі тоқыма материалдарын зерттеу, жүн және жібек талшықтары, тігін машинасының құрылғысы және жұмыс істеу принципі, машина тігістерінің түрлері (біріктіру, шет, сәндік), үйге арналған тоқыма бұйымдарының дизайны (алжапқыш, асханалық бұйымдар), нобай дайындау, материал таңдау және дайындау, бұйымды пішу, тоқыма бұйым бөлшектерін өңдеу, бөлшектерді біріктіру, бұйымды сәндеу, жұмысты таныстыру, көрме ұйымдастыру;

4) «Тамақтану мәдениеті» бөлімі: қазақ халқы мен түрлі халықтардың мәдениетінде және қоғамдық тамақтану орындарындағы дастарқан басында өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері, дастарқан жабдықтау, жартылай дайын өнімдерден тағам әзірлеу технологиясы, тағамдарды жылдам әзірлеу технологиясы, десерт әзірлеу технологиясы.

5) «Үй мәдениеті» бөлімі: гигиена ережелері, бөлмені ылғалды және құрғақ тазалау, киім және аяқкиім күтімі, сәндік гүлдер түрлері, гүл өсіру шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар.

19. 7-сыныпқа (қыздар) арналған «Еңбек» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Визуалды өнер» бөлімі: өнердегі заманауи техника және ғылыми жетістіктер, табиғаттағы микросуреттер, бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар (поп-арт, инсталляция, цифрлық өнер), Қазақстанның заманауи суретшілері, өнердегі заманауи стильдік бағыттарды зерттеу негізіндегі тәжірибе жұмысы (2D немесе 3D форматта), жұмысты таныстыру;

2) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: көркем өрнек салу (батик, гжель, хохлома), көркем өрнек түрлері, өрнек салу тәсілдері мен техникасы, көркем өрнек материалдары мен жабдықтары, көркем өрнек нобайын жасау, көркем өрнек салу, сәндеу, рәсімдеу, жұмысты таныстыру және көрме ұйымдастыру;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: тігін бұйымдарын түрлендіру (трансформация) және қайта жасау (киім, аксессуар, бижутерия), трансформациялау үшін идеялар ойластыру, эскиз, материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау, бөлшектерді пішу, жеке бөлшектерді өңдеу, бөлшектерді біріктіру және бұйымды өңдеу және сәндеу, жұмысты таныстыру (сән көрсетілімі);

4) «Тамақтану мәдениеті» бөлімі: қазақ халқының ұлттық тағамдары, қазақтың ұлттық сусындары, әлем халықтарының асханасы (өздігінен ізденіс зерттеулері), әлем халықтарының тағамдары, әртүрлі елдердің тағамын дайындау (тәжірибе жұмысы).

5) «Үй мәдениеті» бөлімі: тұрмыстық техниканы таңдау, тұрмыстық техниканы қолдану ережелері, сәндік, интерьер элементі ретіндегі өсімдік.

20. 8-сыныпқа (қыздар) арналған «Еңбек» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: қазақ халқының қолданбалы өнері (ши тоқу, киіз басу) халық шығармашылығының түрлері, материалдар мен құрал-жабдықтар, бұйымның нобайын әзірлеу, шығармашылық жұмысты орындау, сәндеу, рәсімдеу, жұмысты таныстыру, көрме ұйымдастыру;

2) «Дизайн және технология» бөлімі: қазақтың ұлттық киімі, этностиль, ою-өрнек және оның стилизациясы, этностильдегі бұйымның дизайны (баскиім, қамзол, кеудеше), этностильде бұйым дайындау (баскиім, кеудеше), бұйымды сәндеу, шығармашылық жұмысты таныстыру;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: халықтық пішім негізіндегі киім дизайны (тұтаспішімді жең), идея ойластыру, эскиз, құрал-жабдықтар мен материалдар дайындау, халықтық пішім негізінде бұйым дайындау, бөлшектерді пішу, жеке бөлшектерді өңдеу, бөлшектерді біріктіру және бұйымды өңдеу, бұйымды сәндеу, жұмысты таныстыру;

4) «Тамақтану мәдениеті» бөлімі: фуршет үстелін жабдықтау және ұйымдастыру (өздігінен ізденіс зерттеулері), фуршеттік іс-шараға арналған мәзір мен бюджетті есептеу, тағам дайындау және фуршет үстелін жабдықтау тәжірибе жұмысы.

5) «Үй мәдениеті» бөлімі: интерьерді сәндеу және безендіру, интерьердегі стильдер және түстік шешім, интерьерде тоқыма бұйымдарының қолданылуы, интерьердегі бөлме өсімдіктері.

21. 9-сыныпқа (қыздар) арналған «Еңбек» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: Қазақстанның дәстүрлі тоқыма өнері, қазақ кілемдері, алаша, кілем тоқу, гобелен, қазіргі кілем үлгілері, кілем тоқуға арналған материалдар мен құрал-жабдықтар, бұйым нобайын дайындау, шығармашылық жұмысты орындау, сәндеу, жұмысты таныстыру, көрме ұйымдастыру.

2) «Дизайн және технология» бөлімі: заманауи сән әлеміндегі стильді бағыттар (өздігінен ізденіс зерттеулері), «Сән және жеке тұлға үйлесімділігі» эксперименті, жеке даралық имиджін жасау, идеяларды жүзеге асыру, аксессуарлар, шаш үлгісі, визаж құралдары негізінде жеке даралық образды жасау, өзіндік имидж қалыптастыру үшін киім/аксессуарлар топтамасын жасау эксперименті, жұмысты таныстыру.

3) «Дизайн және технология» бөлімі: қарапайым геометриялық формалардан құралған "Fast cloth" сәнді киімінің (пончо, кейп, туника) дизайны, киім мен аксессуарлардың заманауи өндірісі, идея ойластыру, эскиз, материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау, бұйым дайындау, бөлшектерді пішу, жеке бөлшектерді өңдеу, бөлшектерді біріктіру және бұйымды өңдеу, жұмысты талдау және бағалау, жұмысты таныстыру (сән көрсетілімі).

4) «Тамақтану мәдениеті»: ивент-менеджмент; заманауи іс-шараларды жоспарлау және өткізу, іс-шараларға арналған мәзір құру және шығынды есептеу, дастарқан жабдықтау және кеңістікті безендіру.

5) «Үй мәдениеті» бөлімі: интерьерді мерекеге орай безендіру, шығармашылық идеяны визуалдау (нобай), безендіруге арналған материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау, шығармашылық идеяны іске асыру.

Параграф 3. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағытталған оқыту мақсаттары

22. Үлгілік оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқыту мақсаттарының жүйесімен қамтамасыз етіледі.

23. Негізгі орта білім беру мазмұнын меңгерудің күтілетін нәтижелері білім алушыда азаматтық-патриоттық, көшбасшылық, этикалық, әлеуметтік-адамгершілік, шығармашылық түйінді құзыреттер мен өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

24. Оқу мақсаттары бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

Ескерту: * – ұлдарға арналған оқу мақсаттары. ** – қыздарға арналған оқу мақсаттары. Ұлдар мен қыздарға арналған ортақ оқу мақсаттары белгіленбей ұсынылған.

1) «Шығармашылық идеяларды дамыту және зерттеу» бөлімі:

Білім алушы білуі тиіс:					
Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.1 Тарих, мәдениет және дәстүр туралы білім және түсінік	5.1.1.1 ұлттық және әлемдік мәдениеттегі өнер, қолөнер және дизайн ерекшеліктері туралы білім мен түсініктерді көрсету; 5.1.1.2 өнер туындыларындағы стильдер, жанрлар	6.1.1.1 ұлттық және әлем мәдениетіндегі өнер, қолөнер және дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы білімін және түсінігін көрсету;	7.1.1.1 әртүрлі тарихи және әлем мәдениетіндегі өнер, қолөнер және дизайн туындыларының ерекшеліктерін сипаттау;	8.1.1.1 әртүрлі тарихи және мәдени ортадағы өнер, қолөнер және дизайн туындыларының ерекшеліктерін сипаттау;	9.1.1.1 әртүрлі тарихи және мәдени ортадағы дизайн, қолөнер және өнер туындыларын дағы әртүрлі стильдерді, материалдарды және тәсілдерді салыстыру;

	және бағыттардың ерекшеліктерін анықтау;	6.1.1.2 өнер туындыларындағы стильдер, жанрлар және бағыттардың ерекшеліктерін анықтау;	7.1.1.2 өнер туындыларындағы стильдер, жанрлар және бағыттардың ерекшеліктерін сипаттау;		
1.2 Шығармашылық іс-әрекет үдерісін жоспарлау	5.1.2.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдеріне жоспар құру;	6.1.2.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдеріне жоспар құру; 6.1.2.2 материал шығындарын (сандық көрсеткіштер) анықтау;	7. 1. 2. 1 білім мен тәжірибені қолдана отырып, болашақ іс-әрекетін анықтау, шығармашылық жұмысты жоспарлау; 7. 1. 2. 2 материал шығыны мен бұйымның/жобаның өзіндік құнын анықтау;	8. 1. 2. 1 білім мен тәжірибені қолдана отырып, болашақ іс-әрекетін анықтау, шығармашылық жұмысын жоспарлау; 8. 1. 2. 2 зерттеу нәтижелері негізінде тұтынушылардың өнім түрлеріне қажеттілігін анықтау;	9. 1. 2. 1 жұмысты орындаудың тиімді әдістері мен реттілігін анықтай отырып, шығармашылық жұмысты жоспарлау; 9. 1. 2. 2 пайданы анықтау мақсатында әртүрлі тауарларды өткізу нарығын талдау;
1.3 Дизайн дайындау бойынша тапсырмалармен жұмыс	5.1.3.1 композицияның негізгі заңдылықтарын ескере отырып, қарапайым нысандардың дизайнын	6.1.3.1 композицияның негізгі заңдылықтарын ескере отырып (оның ішінде АКТ және ЖИ мүмкіндікте	7. 1. 3. 1 функционалдық және эстетикалық талаптарға сай нысанның дизайнын әзірлеу бойынша	8. 1. 3. 1 функционалды, эстетикалық және экологиялық талаптарға сай нысанның	9. 1. 3. 1 функционалды, экологиялық, эстетикалық және эргономикалық талаптарға жауап беретін күрделі

	(эскизін салу) жасау; 5.1.3.2 композицияның негізгі қағидаттары мен және формаларын білу, оларды шығармашылық жұмыстарды жасау барысында қолдану;	рін), әртүрлі нысандардың дизайнын (эскиз, техникалық сурет, сызба) жасау; 6.1.3.2 композицияның негізгі заңдарын білу және оларды үйлесімді композициялар жасау барысында қолдану; 6.1.3.3 түстердің шығармашылық жұмысты қабылдауға әсерін түсіну және қарапайым түстік схемаларды қолдану;	тапсырмаларды (эскиз, техникалық сурет, сызба) орындау (соның ішінде АКТ және ЖИ мүмкіндіктерін қолдану); 7.1.3.2 композицияның негізгі заңдарын білу және оларды үйлесімді композициялар жасау барысында қолдану; 7.1.3.3 түстердің шығармашылық жұмысты қабылдауға әсерін түсіну және қарапайым түстік схемаларды қолдану;	дизайнын (эскиз, техникалық сурет, сызба) әзірлеу бойынша тапсырмаларды орындау (соның ішінде АКТ және ЖИ мүмкіндіктерін қолдану); 9.1.3.2 графиканың әртүрлі тәсілдерін (соның ішінде ЖИ мүмкіндіктерін) қолдану арқылы өз бетінше графикалық және технологиялық құжат құру;	объектілердің дизайнын жасау кезінде әртүрлі салалардағы білімді жалпылау (соның ішінде АКТ және АИ мүмкіндіктерін пайдалану);
--	--	---	--	---	--

1.4 Материалдар, олардың қасиеттері және жұмыс істеу техникалары	*5.1.4.1 әртүрлі конструкциялық материалдарды (табиғи, жасанды) білу, олардың қасиеттері мен қолданылуын анықтау және сипаттау;	*6.1.4.1 әртүрлі конструкциялық материалдарды (табиғи, жасанды) білу, олардың қасиеттері мен қолданылуын анықтау және сипаттау;	*7.1.4.1 әр түрлі конструкциялық материалдарды (табиғи, жасанды) жіктеу, олардың қолдану аясы мен қасиеттерін салыстыру;	*8.1.4.1 әр түрлі конструкциялық материалдарды (табиғи, жасанды) анықтау, олардың қолдану аясы мен қасиеттерін салыстыру;	*9.1.4.1 техникалық, экологиялық, пайдалану және эргономикалық сипаттамаларын ескере отырып, конструкциялық материалдарды (табиғи, жасанды), өз бетімен анықтау және өңдеудің өзіндік әдістерін таңдау;
	**55.1.4.2 әртүрлі тоқыма материалдарды (табиғи, жасанды) білу, олардың қасиеттері мен қолданылуын анықтау және сипаттау;	**56.1.4.2 әртүрлі тоқыма материалдарды (табиғи, жасанды) білу, олардың қасиеттері мен қолданылуын анықтау және сипаттау;	**57.1.4.2 әр түрлі тоқыма материалдарды (табиғи, жасанды) жіктеу, олардың қолдану аясы мен қасиеттерін салыстыру;	**58.1.4.2 әр түрлі тоқыма материалдарды (табиғи, жасанды) анықтау, олардың қолдану аясы мен қасиеттерін салыстыру;	**59.1.4.2 техникалық, экологиялық, пайдалану және эргономикалық сипаттамаларын ескере отырып, тоқыма материалдарды (табиғи, жасанды), өз бетімен анықтау және өңдеудің өзіндік әдістерін таңдау;
	5.1.4.3 таңдалған материалдар	6.1.4.3 таңдалған материалдар	7.1.4.3 шығармашылық жұмыс	8.1.4.3 шығармашылық	9.1.4.3 шығармашылық жұмыс

	мен техникаларды пайдаланып эксперимент жүргізу;	мен техникаларды пайдаланып эксперимент жүргізу;	немесе бұйым жасау кезінде әртүрлі техникалар мен материалдармен тәжірибе жасау;	жұмыс немесе бұйым жасау кезінде әртүрлі техникалар мен материалдармен тәжірибе жасау;	немесе бұйым жасау, сонымен қатар сандық бағдарламалық басқару СББ жабдығын қолдану кезінде әртүрлі орындау техникалары мен материалдарды қолдану бойынша тиімді шешімдер ұсыну;
--	--	--	--	--	--

2) «Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау» бөлімі:

Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
2.1 Құралдар мен жабдықтар	*5.2.1.1 конструкциялық, табиғи және жасанды материалдарды өңдеуге арналған қол құрал-жабдықтарын анықтау, сипаттау және қолдану;	*6.2.1.1 қол электр құралдарының қозғалысын беру механизмдерін және құрылысын анықтау және сипаттау және оларды конструкциялық, табиғи және жасанды материалдарды өңдеу үшін қолдану;	*7.2.1.1 заманауи технологиялық машиналардың құрылысын және жұмыс істеу принципін сипаттау және олармен құрастырымды, табиғи, жасанды материалдарды өңдеу бойынша жұмыстар орындау;	*8.2.1.1 заманауи технологиялық машиналарда конструкциялық материалдарды өңдеу бойынша күрделі операцияларды орындау;	*9.2.1.1 материалдарды өңдеуге арналған құралдарды және заманауи технологиялық машиналарды анықтау, таңдау және қолдану;

5.2.1.2 тігін машинасының құрылысын, жіп өткізуді білу және сипаттау, машина тігістерін орындау; **5.2.1.3 тігін бұйымдарын ылғалды- жылумен өңдеуге арналған жабдықтарды білу, сипаттау және қолдану;	**6.2.1.2 тігін машинасын қалыпты күйге келтіруді білу және орындау; **6.2.1.3 тігін бұйымдарын ылғалды- жылумен өңдеу режимдерін білу, сипаттау және оларды тәжірибеде қолдану;	**7.2.1.2 тігін машинасы жұмысындағы ақауларды анықтау және жөндеу; **7.2.1.3 тігін бұйымдарын ылғалды- жылумен өңдеу кезінде қолданылатын құралдарды анықтау, таңдау, қолдану;	**8.2.1.2 тігін машинасына қажетті құрылғыларды (түймелікті өңдеу, сыдырманы қондырып тігу) таңдау және қолдану;	p9.2.1.2 заманауи тігін жабдықтарын білу және торлау тігін машинасын қолдану; **9.2.1.3 тігін машиналары нда күрделі операцияларды (аппликация, кестелеу) орындау және зерделеу;
5.2.1.4 әртүрлі материалдардың қасиеттері мен өңдеу техникаларына сәйкес құрал- жабдықты қолдану;	6.2.1.4 әртүрлі материалдардың қасиеттері мен өңдеу техникаларына сәйкес құрал- жабдықты қолдану;	7.2.1.4 әртүрлі материалдардың қасиеттері мен өңдеу техникаларына сәйкес құрал- жабдықты қолдану;	8.2.1.4 заманауи технологиялар мен жабдықтардың жұмыс істеу принциптерін меңгеру және оларды әртүрлі материалдар мен бұйымдарды өңдеу кезінде қолдану;	9.2.1.4 заманауи технологиялар мен - жабдықтардың жұмыс істеу принциптерін мен меңгеру және оларды әртүрлі материалдар мен бұйымдарды өңдеу кезінде қолдану (соның ішінде (СББ) сандық

					бағдарламалық басқару жабдықтарын қолдану);
2.2 Жасау технологиясы	*5.2.2.1 өлшем мен белгілеу негізінде бұйым жасау үшін материалдарды қол құралдарымен өңдеу; *5.2.2.2 түрлі материалдардан қарапайым бұйым дайындау;	*6.2.2.1 өлшем мен белгілеу негізінде бұйым жасау үшін материалдарды электрлік қол құралдарымен өңдеу; *6.2.2.2 ажырайтын және ажырамайтын біріктіру әдістерін қолданып, бірнеше бөлшектерден тұратын бұйым жасау;	*7.2.2.1 бұйымдардың функционалдық және эстетикалық сапасын арттыру үшін материалдарды механикалық өңдеу және бұйымды әрлеу; *7.2.2.2 технологиялық құжаттар бойынша реттілікті және дәлдікті сақтай отырып бұйым жасау;	*8.2.2.1 түрлі құрал-жабдықтарды қолдана отырып, материалдарды өңдеу мен сәндеу әдістерін анықтау, қолдану; *8.2.2.2 өздігімен дайындаған технологиялық құжат бойынша күрделі бұйым жасау;	*9.2.2.1 бұйым дайындау кезінде материалдарды өңдеу мен сәндеудің тиімді тәсілдерін анықтау, таңдау және қолдану; *9.2.2.2 әртүрлі техникалар, конструкция түрлерін және заманауи материалдарды, соның ішінде СББ сандық бағдарламалық басқару жабдықтарын қолдану арқылы бірегей бұйым жасау;
	**5.2.2.3 тоқыма бұйымдарын пішу және сырып тігуді қолдану арқылы қол	**6.2.2.3 қол құралдары және тігін машинасымен сырып және қайып	**7.2.2.3 әртүрлі конструкциялық, заманауи тоқыма және сәндеу	**8.2.2.3 қол мен тігін құрал-жабдықтарын және олардың құрылғылары	**9.2.2.3 бұйым дайындау барысында материалдарды өңдеу тәсілдерін

кұралдары мен тігін машинасында өңдеу; **5.2.2.4 түрлі материалдардан (тоқыма, табиғи және жасанды) қарапайым бұйым дайындау;	тігу түрлерін қолдана отырып, тоқыма материалдарын өңдеу және пішу; **6.2.2.4 әртүрлі конструкциялар мен материалдарды (тоқыма, табиғи және жасанды) қолдана отырып, дара бұйым дайындау;	материалдарын қолдана отырып, тігін машинасында технологиялық талапқа сай бұйым жасау;	н қолдана отырып, тоқыма материалдарын өңдеу мен сәндеудің тиімді әдістерін анықтау және қолдану; **8.2.2.4 өз бетінше құрастырған технологиялық құжат бойынша бұйым дайындау;	анықтау, таңдау және қолдану; **9.2.2.4 сенімділік пен дербестігін көрсете отырып, әртүрлі техниканы, конструкция түрлері мен заманауи материалдарды қолдана отырып бірегей бұйым жасау;
5.2.2.5 шығармашылық жұмыспен бұйым жасау барысында қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану;	6.2.2.5 шығармашылық жұмыспен бұйым жасау барысында қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану;	7.2.2.5 шығармашылық жұмыспен бұйым жасау барысында қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану;	8. 2. 2.5 шығармашылық жұмыспен бұйым жасау барысында қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану;	9. 2. 2. 5 шығармашылық жұмыспен бұйым жасау барысында қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану;
5.2.2.6 әртүрлі материалдар мен жабдықтарды қолдана отырып, бұйымды өңдеу және әрлеу;	6.2.2.6 әртүрлі материалдар мен жабдықтарды қолдана отырып, бұйымды өңдеу және әрлеу;	7. 2. 2. 6 материалдарды өңдеу және олардың функционалдық және эстетикалық сапасын жақсарту үшін бұйымды сәндеу;	8. 2. 2. 6 әртүрлі техникалар, құралдар және заманауи технологияларды қолдану арқылы олардың функционалдық және эстетикалық	9. 2. 2. 6 әртүрлі материалдарды олардың қасиеттерін, бұйымға қойылатын талаптарды, сонымен қатар заманауи технологиялар мен

				сапасын жақсарту үшін материалдарды өңдеу;	құралдарды ескере отырып, өңдеу мен сәндеудің тиімді әдістерін таңдау;
